



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 20 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ  
2009 жылғы 4 қыркүйек**

**Ресми қайта қаржыландыру  
ставкасы туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **2009 жылғы 4 қыркүйектен бастап** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің **ресми қайта қаржыландыру ставкасын жылдық 7,0%** деңгейінде (алдыңғы мәні – 7,5%) белгілеуге шешім қабылдады.

Ресми қайта қаржыландыру ставкасын төмендету 2009 жылғы тамызда жылдық инфляцияны 6,2%-ға дейін төмендетумен, сондай-ақ отандық банкаралық нарықтағы нарықтық ставкалардың жалпы төмендеуімен байланысты. Атап айтқанда, KazPrime индикаторы 2009 жылғы тамыздың аяғындағы жағдай бойынша 2009 жылғы наурыздағы 15,04%-ға тең тарихи ең жоғары мәннен төмендеп, 6,47% болды.

7,0%-ға тең ресми қайта қаржыландыру ставкасының деңгейі тарихи тұрғыдан алғанда ең төменгі мән болып табылады, ресми қайта қаржыландырудың осындай деңгейі тек 2003 жылғы 7 шілде – 2005 жылғы 1 ақпан аралығындағы кезеңде ғана болды – 7,0%.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
ресми қайта қаржыландыру ставкасының динамикасы, %**

